

егемен
ҚАЗАҚСТАН

Ұлымды да, ұлтымды да ойлаймын



Ана бір жылы еліміздегі беделді басылымдардың бірінің тапсырмасымен менімен сұхбаттасқан өрімдей жап-жас қыз:

– А какое определение вы можете дать слову «счастье?» – деп сұрады.

– Счастье – это, когда нет несчастья, – дедім мен.

Орыс тілінде болған сол сұхбат орыс тілді басылымда «Счастье – это когда нет несчастья» деген тақырыппен жарияланды.

«Бақытсыздық болмаса сол бақыт», деген сөзді аузыма Алла салды ма екен? Шынында да, бақытсыздық болмаса адам бақытты емес пе? Еліңде соғыс болмаса, әртүрлі табиғи апаттар жерінді айналып өтсе, ұшақ апатына, жол оқиғасына ұшырамасаң, жаныңнан артық көретін жақының өлім-жітімге, бәле-жалаға ұшырамай қасыңда дін аман сау жүрсе, тағы басқа да сан алуан қасірет-қайғыдан аман болсаң, әрине, сол бақыт. Осылай десек те, қайғы-қасіреттен аман кезімізде – бақытты шағымызда соның бағасын біле алдық па? Қайдам? Бақытты кезімізді байқамай, бақытсыздыққа тап болғанда бас шайқап, бармақ тістеп жүрміз көбіміз.

Сол көптің бірі мен Даниярым барында әлемдегі ең бақытты жан едім. Жанымнан артық көрген ұлым, перзентім небәрі 21 жасында, үйлену тойы үстінде өмірден тым ерте озған соң әлемдегі ең бақытсыз, бақсыз пенде болып сорлап қалдым.

Үйлену тойын кілт кескен,

Кім көрген мұндай қазаны.

Бақытын – ұлын жоғалтқан

Жүрегім менің азалы.

Осынша жақын болар ма,
Бақыт пен қайғы арасы.
Улы уайым улаған,
Түріме менің қарашы.
Жан дүнием қаңырап,
Аруана болып аңырап,
Ботадай боздап отырмын,
Ештеңені көрмейтін,
Су қараңғы соқырмын.
Ұлымды мен... Мен сағындым.
Суретін сүйіп, табындым.
Көзімнің жасы көл болып,
Жарық дүние көр болып,
Қайғыдан шекпен жамылдым,
Қайғыдан шекпен жамылдым.

Рас, озбайтын өмір, сынбайтын темір жоқ. Бірақ... Иә, осы бірақ қой қансыраған жүректі шабақтайтын инемен. Бірақ, бәрі ретімен болса ғой. Боталатпай аталатса арман не? Өзім өліп, ұлым – Даниярым қалғанда соңымда қазіргідей қайғы-қасірет шекпес ем, армансыз болып өтер едім-ау өмірден. Бірақ... Иә, тағы да өзім өлердей жек көретін «бірақ» сөзі қарсы алдыңнан шыға береді қасқайып. Бірақ, тасжүрек тағдыр кімді құлатып, кімді жылатпаған?!

«Үмбетіме сондай бір заман келеді. Сонда олар бес нәрсені жақсы көріп, бес нәрсені мүлде ұмытады. Дүниені жақсы көріп, ақыретін ұмытады. Өмірді жақсы көріп, өлімді ұмытады. Зәулім сарайларды жақсы көріп, қараңғы қабірлерді ұмытады. Мал-мүлікті жақсы көріп, ол үшін берілетін есепті ұмытады, жаратылысты жақсы көріп, Жаратушыны ұмытады» – депті Мұхаммед пайғамбар. Сондай бір заман белгісі ме, заман тарылып, адам пейілі бұзылды. Мансап үшін досын атқан, бетпак, безбүйрек; байлық үшін махаббатын сатқан опасыз обыр; ол ол ма, ақша үшін анасын өлтірген айуандар, сәбилерді зорлаған хайуандар көбейді бұл күнде. Менің Даниярым-Данашым осының бәрін көріп-біліп жүрсе де бой алдырмады лас өмірге. Ол өмірдегі сұрқия, сұмдықтардан қашық болды, сұлулыққа, жақсылыққа ғашық болды. Өмірдегі әділетсіздіктерге оның жүрегі ауыратын. Әділдік үшін күреспек болды ма, заңгерлік мамандық алды ол.

Осындайда еске түседі, біздің бала кезімізде бүгінгідей сұмдықтар жоқ еді. Ол кезде ел есігін құлыптамайтын. Бір жаққа жолаушылап кетсе ит-құс кірмесін деп есікті жіппен байлай салатын. Алыстан әлдебіреулер ат арытып келсе, үйге тоқтаусыз еніп, еркін

демалатын. Ас-суын ішіп, кетерінде жөн-жосығын айтып, құс тіліндей құсни хат қалдыратын.

Әлі есімде, ол кезде мен екінші сыныпта оқитынмын. Бір күні екі еркек сөзге келіп, жұдырықтасып қалды көшеде. Мұны көрген халық:

– Айдың күні аманда төбелескені несі сұмдық-ай, сұмдық қой! – деп жағаларын ұстады.

– Мына жаман қылық қанат жаймас үшін бұл екеуін ортаға алып талқылап, тентекті тезге салайық, – десті ақсақалдар.

Сол оқиғадан соң, (иә мен қате айтып отырған жоқпын, ол төбелес жүрегі ақ, жаны пәк сол кездегі жайсаң жандар үшін оқыс оқиға еді) төбелескен екі еркек бір жеті үйлерінен шыға алмады, ел-жұрттан ұялып.

Менің Даниярым сол кездегі таңғы шықтай таза, сәбидей періште адамдар сияқты бетіне уыздай ұят ұялаған аса арлы оғлан еді.

Өзін ғана ойлаған жамандықтың белгісі. Өзгені де ойлаған адамдықтың белгісі, – депті даланың дана шалдары. Менің Даниярым өзін емес, ең алдымен, өзгенің жайын, елдің қамын ойлаушы еді.

Ең алдымен ел қамы,

Сонан кейін қалғаны, –

дейтін Қадыр Мырза Әлі сөзі қасиетті қағбасы еді оның. Бір мен емес, сан қаламгер жабыла жазса да түгел айтып таусылмас адамдық асыл қасиеті көп еді Даниярымның.

Қайырымдылықтан асқан қасиет жоқ. «Біле білсең шапағаты барларың, Сүйген құлы боларың хақ Алланың». Құран, 3-сүре, 141-аят.

«Жаратқанның пендесіне берілген үлкен сыйы – оның артында қалатын жақсы аты, мейірімділігі мен қайырымдылығы», депті Шығыстың ұлы шайыры Сағди. Осы сөз менің Данашыма арнап айтылғандай. Аққұба жүзінен жып-жылы нұр төгіліп тұрған Данашымның мейірімділігі мен асқан қайырымдылығы, жалғызбасты кейуананы ажалдан арашалап қалған азаматтығы, тағы басқа да иманды іс-әрекеттері жайлы оны білетіндердің барлығы аңызға бергісіз әңгімелер айтып жүр.

Алыс кетіп біздерден,

Сағындың ба, ұлым, ананды?

Алшаңдап жүрсең арада,

Сыйлар ең оған ғаламды!

Жанымнан артық жақсы көретін осындай асыл ұлдан айырылған менің қасірет-қайғымның шегі жоқ. Алайда, күні-түні жылай беру жөн бе? Үзіліссіз жылауға, үздіксіз қайғыға жан шыдай ма? Қайғы деген қайрақ қой. Оған қаңылтырды жанысаң кетіледі, болатты жанысаң жетіледі. Кетілуге хақым жоқ, жетілуім керек! «Қасірет келіп есігінді қақса есігінді аш та, онымен айқаса түс. Қалайда жеңіп шық», депті Бетховен. «Тәңірі

берген талант ұлыма ғана емес, ұлтыма да қызмет ету керек. Үгілмеймін, бүгілмеймін, қарсы тұрып қасқайып күресемін тасжүрек мынау тағдырмен!» деген ойға бекіндім мен ақыры.

Осы тұста ауыздан ауызға көшіп, елден елге тараған бір тәмсіл ойға оралып тұр. Кәрі есек қалт-құлт етіп жүріп бір күні терең құдыққа құлап кетсе керек. Құдықтан есегін шығарып алмақ болып біраз әуреленіп қара терге түскен иесі: «Ей, жазған-ай, сені сыртқа шығару мүмкін емес. Сыртқа шықсаң да сенен енді пайда жоқ. Сенің орныңа күші тасып, бағы асып тұрған жас есек алуды ойлап жүр едім. Оған қоса мына суы құрғаған құдықты да көміп, жаңадан құдық қазуым керек еді. Қартайған, өн бойынан әл тайған сені де, суы суалған, топырағы қуарған ескі құдықты да көміп, бір оқпен екі қоян атамын енді», – деп өзін-өзі жұбатып, құлшына қимылдайды.

Ол құдықты көме бастағанда есек арқасына түскен топырақты сілкіп тастап, аяғымен таптай беріпті, таптай беріпті. Есек сөйтіп өзінің қайсар қарсылығымен жер бетіне жақындайды да, жон арқасына күн сәулесі түскен кезде бір-ақ ырғып, сыртқа шығып кетіпті.

Сан халық талай мәрте қайталаған, көп айтылса да көнермеген осы тәмсілдің ғибраты мол, тәрбиелік мәні зор. Қиыншылықта ғана емес, қайғы, қасіретті де жеңе біл дейді бұл тәмсіл.

Тірінің қамын тірі жер,

Тірілер бірін бірі жер.

Тірлікте қашқан қадірің,

Өлгенде ғана білінер.

Жоқтауын салып жүгінер.

Жоғалтып алған асылы

Айырылғанда білінер, –

депті қазақ жырының аспанында, қас-қағымда өз отына өртеніп кеткен найзағай талант Нұрлан Мәукенұлы.

Пай,пай, өмір!

Өтесің-ау бір күні.

Тыясың-ау қуанышты, күлкіні.

Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай,

Өмір деген – көк аспанның күркірі.

Пай-пай өмір,

Өтесің-ау бір күні, –

деп жырлап еді-ау мұзарт таудың мұзбалағы Мұқағали Мақатаев. Бірімен бірі үндескен осы жұлдызды жырлар өткінші өмірді өкінішсіз өткізуге үндеп тұрған жоқ па?!

Даниярым – жаным, жүрегім, ендігі менің тілегім – сенің құрдастарың, достарың аман болса екен! Еліміздің ертеңі ғой олар. Сенің дос, жолдастарың – Тәуелсіздіктің құрдастары өзін емес, ең алдымен, елін, халқын ойлайтын ұлтжанды, мемлекетшіл, халықшыл ұлы ұрпақ! Құдай қаласа, сол ұрпақ қазақтың уақытта кеткен есесін қайтарады. Елге, жерге, халыққа қызмет етіп, ұлтты ұшпаққа шығарады. Киелісің ғой, ұлым, о жақта сен, бұ жақта біз болып қолдайықшы сол жаңа сападағы аса саналы жас ұрпақты. Алдарынан ақ күн тусын олардың! Ұлтқа ұлтан болайықшы бәріміз. Еліміз тыныш, ерлеріміз аман болсын! Аспанда Алла, жерде әулиелер тілегімді қабыл ет. Әумин!

Сәбит ДОСАНОВ,

жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.